



Қазақстанда және әлемде көптілді білім беру ортасын қалыптастыру: жүзеге асырудың нәтижелері мен мәселелері



Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
семинар материалдарының жинағы

***Қазақстанда және әлемде
көптілді білім беру ортасын
қалыптастыру: жүзеге
асырудың нәтижелері мен
мәселелері***

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар
материалдарының жинағы*

Нұр-Сұлтан – 2022

ӘОЖ
КБЖ
Қ

Рецензенттер:

Исина Г.И., филология ғылымдарының докторы, Қарағанды Е.Бөкетов ат. Университетінің профессоры

Загатова С.Б., филология ғылымдарының кандидаты, Еуразия гуманитарлық институтының профессоры

Қазақстанда және әлемде көптілді білім беру ортасын қалыптастыру: жүзеге асырудың қиындықтары мен аспектілері. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар материалдарының жинағы. - Ғылыми ред. Ф.ғ.д., профессор А.Е.Бижкенова. - Нұр-Сұлтан: ЖК «Булатов А.Ж.», 2022.- 135 б.

ISBN

Семинар Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университетінің ғылыми декадасы шеңберінде, сонымен қатар Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА базасынды іске асырылатын ҚР ҒБМ «Білім және ғылым жүйесінің ғылыми модернизациясының негіздері» (2021-2023) атты жобалық-мақсаттық қаржыландыруының тақырыптық жоспарына сәйкес өткізілді, рег. OR11466474

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар материалдарының жинағына семинар қатысушылардың баяндамалары кірді. Мәтіндер авторлық стилінде сақталыңған. Орфографиялық және грамматикалық жағынан түзету жасалған жоқ.

Жинақ көптілді зерттеп жүрген мамандарға және білім алушыларға көзделген.

Құрметті оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға *Қазақстанда және әлемде көптілді білім беру ортасын қалыптастыру: жүзеге асырудың нәтижелері мен мәселелері* атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар материалдарының жинағы ұсынып отыр.

Семинар Еуразия ұлттық университетінің шетел филологиясы кафедрасының ұйымдастыруымен 2022 ж. 13 сәуірінде өткізілді. Халықаралық қатысушылардың ішінде Башқұрт мемлекеттік Ақмұлла атындағы педагогикалық университеті мен қатар Солтүстік-Батыс Федералды Аммосов атындағы университеттер бар.

Семинар тақырыбының маңыздылығына күмән жоқ, үш тілдік білім беру бағыты нақты назар талап ететін, еліміздің және әлем деңгейіндегі жалпы білім беру саласының маңыздығын көтеретін сұрақтардың бірі.

Өз еліміздің тіл саясатындағы қазақ тілді одан сайын дамыту, қазақша тілдік кеңістіктің өрісін кеңейту, басқа тілдерге жағдай жасату, жас өспірімдердің тілдік білімдерін қолдану деңгейіне жеткізу – осы және тағы да басқа сұрақтар әлі де өзінің дұрыс шешімін табуда.

Беріліп отырған жинақта семинар қатысушылардың жеке ойымен қатар жалпы Қазақстандағы және әлемдегі білім ошақтарында атқарылып жатқан жұмыстары, жаңалықтары мен жетістіктерімен қатар қиындықтары көрсетілген.

Жинақ мамандарға және білім алушыларға пайдалы болады деп сенеміз.

МАЗМҰНЫ

Біжкенова А.Е., Базарбекова Ж.Н. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДЕРДІҢ ҮШТҰҒЫРЛЫҒЫ САЯСАТЫ - ОЗЫҚ БІЛІМ ҮЛГІСІНІҢ КӨРІНІСІ.....	6
Булатбаева К.Н. КАК ОБНОВЛЯТЬ СОДЕРЖАНИЕ ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ВУЗАХ.....	17
Буркова Т.А. ПОЛИКУЛЬТУРНАЯ И/ЛИ ПОЛИЛИНГВАЛЬНАЯ ЛИЧНОСТЬ?.....	20
Дербишева З.К. ОПЫТ МНОГОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ПОЛИКУЛЬТУРНОМ ПРОСТРАНСТВЕ КЫРГЫЗСТАНА.....	24
Китибаева А.К. ПРОБЛЕМЫ ИНТЕГРИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ.....	28
Находкина А.А. ЯКУТСКИЙ ЭПОС ОЛОНХО НА ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКАХ.....	32
Aminova L.A. CONVERGENCE STRATEGIES: POLITENESS STRATEGY IN ENGLISH AND RUSSIAN LINGUOCULTUROLOGY.....	37
Анафинова М.Л., Дюсембаева И. Т. ЕЛ ИМИДЖІҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ВЕРБАЛДЫ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ЛИНГВО-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	41
Анафинова М. Л., Нагашибаева Г. М АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ЭВФЕМИЗМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТІК СИПАТЫ.....	47
Ахметова Г.С. ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ДАМУДЫҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	53
Булегенова И.Б., Г.К.Кенжетева ҚУАНЫШ ЭМОЦИЯСЫНЫҢ ТІЛДЕ БЕРІЛУІ.....	58
Гиберт О.С. ИМЯ СОБСТВЕННОЕ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ЛИНГВОСТРАНОВЕДЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ОБУЧАЮЩИХСЯ..	63
Буркова Т.А., Г.А. Дистанова ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКАЯ И ЛИНГВОСТРАНОВЕДЧЕСКАЯ ЦЕННОСТЬ ФОЛЬКЛОРНЫХ ТЕКСТОВ, СОДЕРЖАЩИХ ТОПОНИМ (НА ПРИМЕРЕ НЕМЕЦКИХ ЛЕГЕНД И ПРЕДАНИЙ).....	67

Елеш А.Т. MYTHS AS A SOURCE OF THE FORMATION OF A PATRIOTIC PERSONALITY.....	72
Zhambylkyzy M., Yergalymova Z.Y. DEVELOPING COLLOCATIONAL COMPETENCE OF STUDENTS WITH THE HELP OF CORPORA IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE.....	78
Ксанова Д.М. ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ ТЕРМИНЫ В СТРУКТУРЕ ГИДРОНИМОВ КАЗАХСТАНА И США.....	86
Куантаева Д.А. ИРОНИЧНОСТЬ КАК ЧЕРТА АНГЛИЙСКОГО КОММУНИКАТИВНОГО СТИЛЯ (НА МАТЕРИАЛЕ ТЕЛЕВИЗИОННЫХ ПЕРЕДАЧ ВВС).....	92
Липустина О.М. ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ У СТУДЕНТОВ ЯЗЫКОВЫХ И НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ В СВЕТЕ ТРЕБОВАНИЙ НОВЫХ СТАНДАРТОВ ОБУЧЕНИЯ.....	96
Мусина Р.Р. СТРАТЕГИИ ПЕРЕВОДА НАЗВАНИЙ АНГЛОЯЗЫЧНЫХ ФИЛЬМОВ НА НЕМЕЦКИЙ ЯЗЫК.....	100
Нуркенова Г.А., Дуйсекова А.А. ЗАГОЛОВОК В ПОЛИТИЧЕСКОМ ГАЗЕТНОМ ДИСКУРСЕ: ЛИНГВОПРАГМАТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	104
Оспанова А.Б. ФОРМИРОВАНИЕ ПОЛИЯЗЫЧНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ В КАЗАХСТАНЕ И МИРЕ: ВЫЗОВЫ И АСПЕКТЫ РЕАЛИЗАЦИИ.....	111
Рысбек Ж.Қ., Бижкенова А.Е. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨП ҚҰРАМДЫ ТЕРМИН СӨЗДЕР.....	114
Сәрсембай С.Б. ҚАЗАҚСТАНДА ЖӘНЕ ӘЛЕМДЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АСПЕКТІЛЕРІ МЕН КЕДЕРГІЛЕРІ.....	119
Tlepbergen D. THE ROLE OF TRANSLANGUAGING IN MULTILINGUAL EDUCATION.....	125
Turganbekova A.M., Syzdykbayeva A.A. THE CONCEPT OF MILK IN THE KAZAKH AND ENGLISH LINGUISTIC PICTURES OF THE WORLD.....	130

ҚАЗАҚСТАНДА ЖӘНЕ ӘЛЕМДЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АСПЕКТІЛЕРІ МЕН КЕДЕРГІЛЕРІ

Сәрсембай С.Б.

Л.Н.Гумилева атындағы ЕҰУ,
«Шетел Филологиясы» факультетінің
1-курс докторанты

Түйіндеме: Қазақстан Республикасындағы көптілді білім беру қазіргі мемлекет дамуының ең маңызды стратегиясы және негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Мақалада көптілді білім берудің табиғаты, оның Қазақстан Республикасында өзекті болу себептері, Қазақстанда және әлемде көптілді білім беру ортасын қалыптастыру мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: Көптілділік, көпмәдениетті орта, көптілді білім беру, көптілді білім беру ортасы

Аннотация: Полиязычное образование в Республике Казахстан является важнейшей стратегией и одним из главных направлений развития современного государства. В статье рассматривается природа полиязычного образования, причины, обусловившие его актуализацию в Республике Казахстан, проблемы формирования полиязычной образовательной среды в Казахстане и мире.

Ключевые слова: Полиязычие, поликультурная среда, полиязычное образование, полиязычная образовательная среда

Abstract: Multilingual education in Republic of Kazakhstan is the most important strategy and one of the main directions of development of the modern state. The article examines the nature of multilingual education, the reasons for its actualization in Republic of Kazakhstan and the problems of the formation of a multilingual educational environment in Kazakhstan and the world.

Keywords: Multilingualism, multicultural environment, multilingual education, multilingual educational environment

Жаңа Қазақстанның маңызды мақсаттарының бірі - жастарымыздың әлемдік білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашу, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беру, осының негізінде өмірден өз орнын таба алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген жеке тұлға қалыптастыру.

«Кәсіптік білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында талап етілетін құзыреттерді қалыптастыруға қайта бағдарлауға тиіспіз», - деп атап көрсетілген Президент Қ.К.Тоқаевтың Жолдауында білім беру мекемелерінде, болашақ мамандарды дайындаудағы басты басымдылықтың сапалылыққа негіздеуде екені аңғарылады [1].

Жүз отыздан астам ұлт мекендейтін Қазақстанда көптілділіктің орын алуы заңдылық, себебі, үш тілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе

бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты. Елімізде өмір сүретін өзге ұлт өкілдері өз тілдерін, одан басқа орыс және қазақ тілдерін қоса меңгерсе, ал қазақ халқының өз тілін, орыс тілін және де жергілікті жерді мекендеген өзге ұлт өкілдерінің тілдерін игеріп алып жатқандары аз емес.

Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі – жаппай көптілділікке көшу. Әлемдік білім беру іс-тәжірибесінде көптілді және билингвалды білім беру жаңалық емес. Мәселен, АҚШ пен көптеген Еуропа елдерінде көптілді және билингвалды білім беру бағытында қыруар жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде жетістікке де қол жеткен. Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттерінің өзара бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыпты жағдайға айналған.

Әлемдік білім беру үдерісінде білім берудің құндылықтары мен мақсаттарының жаңа жүйесі кеңінен талқыланып, білім кеңістігі, көптілді білім беру, көпмәдениетті білім, көпмәдениетті орта сияқты ұғымдар ғылыми айналымға енгізілуде. Сонымен бірге, зерттеу мәселесі бойынша теориялық дереккөздерді талдау «көптілді білім беру ортасы» түсінігін түсіндірудің екіұштылығын көрсетті.

«Қоршаған орта» терминін Г.Гегель өзінің философиядағы қоршаған ортаның алғашқы ғылыми түсіндірмелерінде, адамға сыртқы немесе адамды қоршап тұрған нәрсеге қатысты қолданылады «күш» ұғымымен анықтап, адамды қоршап тұрған кейбір нақты объектілер деп жазған.

Совет Энциклопедиясында қоршаған орта – «адамның өмір сүруі үшін оны қоршаған әлеуметтік, материалдық және рухани жағдайлар, қоғамдық қатынастар мен институттардың, қоғамдық сананың, белгілі бір қоғамның мәдениетінің, адамның тікелей әлеуметтік ортасының жиынтығы. Тұлғаның қалыптасуы мен дамуына қоршаған орта шешуші әсер етеді. Сонымен бірге шығармашылық әрекеттің, адам әрекетінің әсерінен ол өзгереді, түрленеді» деп көрсетілген[2].

Педагогикалық әдебиеттерде «білім беру ортасы» ұғымы жиі кездеседі. Білім беру ортасы – білім беру құралдары мен мазмұнының әртүрлі түрлерін қамтитын білім алушының табиғи немесе жасанды түрде жасалған әлеуметтік-мәдени ортасы.

Білім беру – бұл ортада адамдардың дамуының әртүрлі траекториялары болуы мүмкін арнайы білім беру ортасын құру. Білім беру ортасы – тұлғаның берілген заңдылық бойынша қалыптасуына, сондай-ақ оның дамуына мүмкіндіктер беретін ықпалдар мен жағдайлар жүйесі.

Заманауи зерттеулер қоршаған орта ұғымына өзіндік жаңа сипаттамаларды енгізуде. Ю.С. Мануйлов еңбектерінде қоршаған орта тұлғаны қалыптастыру және дамыту құралы болса, В.В. Рубцов білім беру ортасын ынтымақтастық нысаны ретінде қарастырады, ал В.И. Слободчиков бойынша

білім беру ортасы – білім алушылардың өзара әрекеттестік пен білім беру кеңістігінің нәтижесі болып табылады.

Өз зерттеу жұмысымызда біз А.И.Савенков ұсынған анықтамамен келісеміз. Оған сәйкес білім беру ортасы «мәдениеттің бір бөлігі» ретінде түсіндіріледі. Жеке тұлға әлемді «сынау және қателесу» процесінде белгілі бір мінез-құлық үлгілерін қабылдайды немесе онымен келіспейді. Сондықтан білім беру ортасы өзгеретін және тұлғаны өзгертуге әсер ететін құбылыс ретінде қарастырылады.

Қазақстандағы білім берудің аса маңызды стратегиялық міндеті – бір жағынан, үздік қазақстандық білім беру дәстүрлерін сақтау, екінші жағынан, мектеп түлектеріне халықаралық біліктілік беру, олардың мемлекеттік тілді және шет тілдерді меңгеруге негізделген тілдік сана-сезімін дамыту.

«Көптілділік» ұғымы кең мағынада қолданылады. Бұл термин кезінде халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген аталы сөзімен дәл бүгінгі дамыған күнге сәйкес айтылғандай. Тарихи деректерге жүгінсек, энциклопедист ғалым, әлемде Аристотельден кейін екінші аға ұстаз аталған ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз өз өмірінде 70-ке жуық ұлттың тілін жетік білгендіктен, артына мәңгі өшпес мол рухани құнды мұра қалдырып кеткендігін аңғаруға болады. Мұның өзі сол кезеңнің өзінде тілдерді меңгеру мәселелерінің өзекті болғанын аңғартады.

Көптілділік мәселесін көптеген ғалымдар зерттеген, соның ішінде көптілді білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздерін Б.А.Жетпісбаева, көптілді білім берудің ұтымдылығын арттыруын Д.Н.Кулибаева, И.И.Халеева, С.Ж.Берденова, тіл білімінде қостілділік мәселелері Э.Д.Сүлейменова, Б.Хасанұлы, Н.Ж.Шаймерденова еңбектерінде қарастырылған.

«Көптілді білім беру» ұғымының ЮНЕСКО-ның тұжырымдамасына сәйкес кем дегенде үш тілді қамтиды: аймақтық немесе ұлттық және халықаралық тілді. Көптілді білім беру мәселесі бүгінгі таңда мемлекеттік деңгейде талқыланып, білім реформалары осы жүйе аясында жұмыс жасауда. Көптілді білім беру – өскелең ұрпақтың әлемдік білім кеңістігінде еркін тыныстауға, жұмбақ ғылымдардың сырын ашуға, тілдік сананың дамуына жол ашады.

Қазіргі таңда көптілділік адамзат дамуының маңызды бағыты ретінде қалыптасқан. Бүгінде халқы бір тілде сөйлейтін елдер бар деп елестету мүмкін емес. Бір тілді меңгеріп қана дамыған өркениетті мемлекеттер жоқ. Кез келген көпұлтты мемлекеттің қалыпты дамуы үшін қостілділік пен көптілділіктің қалыптасуы өте маңызды.

Көптілділік – «белгілі бір әлеуметтік қауымдастық (ең алдымен мемлекет) шеңберінде бірнеше тілді қолдану; жеке адамның (адамдар тобының) әрқайсысы белгілі бір коммуникативті жағдайға сәйкес таңдалған бірнеше тілді қолдануы»

Көптілділік – көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың негізі. Шет тілдерін сөйлейтін, түсінетін және әртүрлі қарым-қатынас жағдайында қалай

қолдану керектігін білетін көптілді тұлға ел болашағы үшін аса маңызды маман болып табылады.

Көптілді тұлға – бірнеше тілде белсенді сөйлеуші, ол: сөйлеу тұлғасы – жеке тұлғаның бірнеше тілде бір мезгілде сөйлеу әрекетін жүзеге асыруына мүмкіндік беретін психофизиологиялық қасиеттер кешені; коммуникативті тұлға – ауызша мінез-құлық және әртүрлі тілдік қоғам өкілдерімен қарым-қатынас құралы ретінде бірнеше тілді қолдану қабілеттерінің жиынтығы; сөздік немесе этносемантикалық тұлға – бірнеше тілдің лексикалық жүйесіне кіріктірілген дүниетанымдық көзқарастардың, құндылық бағдарлардың, мінез-құлық тәжірибесінің симбиозы.

Көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру идеясы қазақ халық педагогикасында әрқашан маңызды орын алған. Көптілділік, Е.Д. Сүлейменов пікірінше, Қазақстандағы тілдерді дамыту мәселесінің даусыз және маңызды сипаты. Сондықтан қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жоғары деңгейде практикалық және кәсіби меңгеру – қоғамда неғұрлым беделді әлеуметтік және кәсіби позицияны иеленуге нақты мүмкіндіктер алу үшін қажетті деп атап көрсетеді[3].

Қазіргі әлемде кез келген білім беру ұйымының ортасы этникалық топтардың, субмәдениеттердің спектрі болып табылады, сәйкесінше белгілі бір түрде бұл туралы көпмәдениетті білім беру ортасы ретінде айтуға болады. Ғылым «көпмәдениетті білім беру ортасы» ұғымының мәнін ашуға өткен ғасырдың аяғында ғана бет бұра бастады.

Сонымен бірге «көпмәдениетті орта», «көп ұлтты орта», «көпмәдениетті білім беру», «көпмәдениетті орта», «көпмәдениетті қоғам», «көпмәдениетті білім беру ортасы», «көптілді білім беру ортасы» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты.

«Көпмәдениетті білім беру ортасы» термині соңғы жылдардағы диссертациялық зерттеулерде жиі қолданыла бастады. И.Ф. Ярулин көпмәдениетті білім беру ортасын «адамды қоршап тұрған, оның дамуына оң немесе теріс әсер ететін әлеуметтік ортаның бөлігі және тұрғылықты жерінің этникалық ерекшеліктерін ескере отырып, көрсетілген барлық өмір сүру жағдайларының жиынтығы болып табылады» деп есептейді[4].

А.М. Буттаева көпмәдениетті білім беру ортасын «әртүрлі мәдениеттегі адамдар қызметінің нысаны мен өнімі, жеке тұлғаның өмір сүру жағдайларының жиынтығы, оның қажеттіліктерінің негізгі анықтаушысы» деп түсіндіреді[5].

Ал, А.И. Богданова өз еңбегінде көпмәдениетті білім беру ортасын «ортаның өзінде көпмәдениетті тұлғалардың жалпыадамзаттық, ұлттық және жеке мәдениет құндылықтарын түсінуіне ықпал ететін және білім беру арқылы тұлғаның мәдениетке бейімделуіне ықпал ететін орта» деп сипаттайды[6].

О.Л. Колоницкая көпмәдениетті білім беру ортасы – бұл «тұлғаның қалыптасуына, оның тиімді этносаралық және мәдениетаралық өзара

әрекеттесуге дайындығына, эмпатиясына, басқа мәдениеттер мен этникалық мәдениеттерді түсінуге, толеранттылыққа әсер ететін жағдайлардың жиынтығын білдіретін білім беру ортасының бір бөлігі» деп атап көрсетеді»[7].

Қазіргі уақытта орта және жоғары оқу орындарында оқу қазақ және орыс тілдерінде жүргізілсе, бірқатар мектептерде, колледждерде, университеттерде пәндерді ағылшын тілінде оқытудың оң тәжірибесі бар. Қазақстан мемлекеттік қазақ тілі мен орыс тілінің институционалдық ұстанымының мызғымастығын отандық өмірдің маңызды факторы ретінде көрсете отырып, көптілді білім беруді қалыптастыруға бейім деп айтуға болады.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Жетпісбаева Б.А. зерттеулерінде көптілді білім беруді үш немесе одан да көп тілді қатар меңгеруге негізделген көптілді тұлғаны қалыптастырудың мақсатты ұйымдастырылған процесі деп түсінеді.

Көптілді білім беру жас ұрпақты өзара байланысты және өзара тәуелді әлемде өмір сүруге дайындаудың тиімді құралы ретінде әрекет етеді. Қазақстандағы лингвистикалық плюрализм бүгінде жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік-саяси және экономикалық реформалардың салдары ретінде қарастырылады. Бұл реформалар Қазақстан қоғамының ашылуына, мемлекетіміздің әлемдік қауымдастыққа енуіне, мемлекетаралық саяси, экономикалық және мәдени байланыстардың дамуы мен нығаюына оң әсер етеді.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы қазіргі уақытта қоғамда шет тілдерінің сұранысқа ие болуына ықпал етеді. Шет тілдерін білу маманның кәсіби құзыреттілігін кеңейтеді, әлемдік маңызы бар ресурстарға қолжетімділікті ашады, маманды тек ұлттық ғана емес, сонымен бірге жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті етеді.

Көптілді білім беру бағдарламасы жаһандану жағдайында бәсекеге қабілетті, тіл мәдениетін меңгерген ұрпақты қалыптастыруға ықпал ететін білім берудің жаңа моделін құруды көздейді. Қазақ, ағылшын және орыс тілдерін білу жастарға әлемдік нарықтардың, ғылым мен жаңа технологиялардың кілтін береді, этникалық, қазақ және әлемдік мәдениеттермен танысуға негізделген сындарлы ынтымақтастық үшін дүниетанымдық ортаны қалыптастыруға жағдай жасайды.

Көпмәдениетті және жан-жақты үйлесімді тұлғаны қалыптастыру мен дамыту мәселесі Қазақстан Республикасының басты мақсаттарының бірі екені анық. Қазақстандағы қазіргі білім беру жағдайы мәдениетті сипаттаудың принципті жаңа үлгілерін ғана емес, білім беру тәжірибесіне инновациялық парадигмаларды енгізуді де талап етеді. Осыған байланысты, көпмәдениетті және көптілді білім беру мәселесі бүгінгі таңда өзекті болып табылады.

Қазақстан Республикасында көпмәдениетті білім беру – білім беру жүйесінде, оның ішінде жоғары кәсіптік білім берудегі басым бағыттардың бірі; басқа халықтардың рухани-мәдени құндылықтары, салт-дәстүрлері

туралы білімдерді меңгеруге ықпал ететін заманауи білім берудің маңызды бөлігі болып табылады. Өзінің ғана емес, басқа халықтардың да мәдениетін құрметтейтін, көпмәдениетті, толерантты тұлғаны қалыптастыру мен дамыту – қазіргі таңдағы жаңа Қазақстанның дамуына қажетті мәселенің бірі болып табылады.

«Көптілділіктің» қалыптасуы күрделі және ұзақ және қазіргі кездегі басым саяси және экономикалық қажеттіліктер тұрғысынан өте маңызды процесс. Бүгінгі таңда Қазақстанның жоғары оқу орындарында көптілді білім беру мәселесі өзекті болып отыр.

Осылайша, жақын болашақта Қазақстанда көптілді білім беру ортасы жағдайында тілдік тұлғаны дамытудың жаңа базалық моделін үш тілдің: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің негізінде құру, жаңа тілдік тұлғаны құру және енгізу қажет. Қазақ тілі мемлекеттік дәрежесінде мемлекет өмірінің бар саласында «бүкіл қоғамымызды біріктіруші» қызметін атқарса, орыс тілі ұлттар арасындағы қарым-қатынастарға қызмет етеді, ал ағылшын тілі әлемдік экономикаға, әлемдік қауымдастыққа кірігуімізге қызмет етеді.

Мұндай көзқарас Қазақстанда көптілді және көпмәдениетті кеңістікті одан әрі қалыптастыруға, тілдердің өзара әрекеттесуі мен өзара ықпалына, елдегі тыныштық пен тұрақтылықты сақтауға жаңа мүмкіндіктер ашатыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2020 жылғы 1 қыркүйек // http://memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna_zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek.html (2020 ж. 1 қыркүйек).
2. Большая советская энциклопедия. М. : Сов. энциклопедия, 1969-1978.
3. Э.Д.Сулейменова Языковые процессы и политика. Алматы: Казахский университет, 2011. – 117с.
4. Яруллин И. Ф. Патриотическое воспитание студентов в поликультурной образовательной среде // Сборник научных трудов Международной научно-практической конференции: Поликультурное образовательное пространство Поволжья: пути и формы интеграции (Казань, КФУ, 1 ноября 2013 г.) / под науч. ред. Г. Ж. Фахрутдиновой. Казань : ИПП КФУ, 2013. С. 697-699.
5. Буттаева А. М. Специфика духовного бытия человека в условиях поликультурной среды : дис.... канд. филос. Наук : 09.00.11. Махачкала, 2003.
6. Богданова А. И. Поликультурная образовательная среда // Современные наукоемкие технологии. 2011. № 1. С. 113-115.
7. Колоницкая О. Л. Реализация концепции поликультурного образования и ее влияние на профессиональное становление личности обучаемого в вузе // Эйдос. 2010. 10 декабря. <http://www.eidos.ru/journal/2010/1210-01.htm>.